

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/HXDG5690>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/MHAL8884>

***Т. Н. Ермакова¹, Д. Ж. Рысқұлбек², Б. Молдағали³**

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ НЕМЕСЕ ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілінің дамуы мен еркін қолданылуының қажеттігі заң түрінде бекітілген. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақ тілін оқыту мен үйрету әдістемелерінің сапасын жақсарту, қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру нақты айтылған. Бұл – заман талабы десек, мақаланың тақырыбы да осы бағытта, қазақ тілін екінші тіл немесе шет тілі ретінде оқыту әдістемесіне арналып отыр.

Мақалада қазақ тілін меңгеруде қатысымдық құзыреттілікке қол жеткізу үшін теориялық тұрғыда негізделген, тәжірибеде дәлелденген тиімді технологияны қолданудың маңыздылығы сөз етіледі. Бүгінгі уақытқа дейін қолданылып келген тіл үйретудің көптеген әдіс-тәсілдері оқытудың басты шарттарын қанағаттандыра алмауда. Қазіргі қоғамымызда қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренуге деген қызығушылық пен оны меңгеруге деген ұмтылыс тілді үйретудің ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастырудың қажеттілігін тудырды. Соған байланысты мақалада мемлекеттік тіл – қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету мәселесінде тілдік дағдыны қалыптастыратын әртүрлі практикалық жұмыстар мен оларды жүргізудің әдістемесі қарастырылған. Соңғы кездері қазақ тілін шет тілі ретінде немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесінде қатысымдық әдіске ерекше назар аударылып жүр. Тілді грамматикалық ережелерді жаттату арқылы оқытудың тиімсіздігі дәлелденгенмен, коммуникативті әдіс арқылы оқытудың барлық тілдерге ортақ әмбебап моделі жоқ. Сондықтан мақалада ана тілі, екінші тіл, шет тілі ұғымдарының айырмашылығы сараланып,

қазақ тілін оқытудың барынша тиімді деп саналатын әдістері мен ізденістері ұсынылады.

Кілтті сөздер: қатысымдық әдіс, тіл үйренуші, екінші тіл, технология, грамматика

Кіріспе

XXI ғасырдағы тілдік жағдаят адамзат қауымдастығының ауқымды интеграциясы мен полилингвизм кеңістігінде өмір сүруімен ерекшеленеді. Этникалық және лингвистикалық әртүрлілікке негізделген кез келген елде мемлекеттік тілді оқытудың өз қиындықтары бар.

Тіл үйретуде соңғы жылдары мәдениетаралық қарым-қатынасқа қызығушылық артып келе жатыр. Анығырақ айтқанда, белгілі бір елдің мәдениеті туралы мазмұнды түсініктер беретін, тіл үйренушіні қызықтыра алатын әдістер кеңінен қолданылуда. Мысалы, бүкіл әлемде шетел тілі ретінде оқытылатын ағылшын тілі Шекспирді тануға, ұлтты тануға мүмкіндік молайды [1]. Осыған сәйкес барлық мемлекетте билингвал, полиглот болуға ұмтылушылар саны күн санап артып келеді. Бұл әлеуметтік лингвистика ғылымында ана тілі, бірінші тіл, екінші тіл және шет тілі ұғымдарының актуалдануына, жаңаша пайымдаулардың туындауына себепші болды. Өйткені тіл атқаратын функциялардың негізгісі – коммуникативті функция, яғни адамдар арасындағы байланысты қамтамасыз ету функциясы. Тілдік коммуникация белгілі бір материалдық емес мәні бар ақпаратты білім бір адамнан екінші адамға жанама түрде беріледі, олар белгілі бір ортада, адамдар арасындағы қатынаста белгілі бір идеялардың, сезімдердің және адаммен, адамдардың мінез-құлқына байланысты болатын ситуациялық жағдаяттарда көрініс табады [2].

Қазіргі жаһандану дәуірінде ақпарат лезде таралады, адамдарды қамту мүмкіндігі де кең. Осыған орай бір мемлекет ішінде қолданылатын тілдер де түрліше мәртебеге ие болуы мүмкін.

Социоллингвист ғалым Б. Хасанұлы «ана тілі», «ресми тіл», «мемлекеттік тіл» ұғымдарының мәнін аша отырып, ана тіліне қатысты төмендегідей анықтама береді: «ана тілі дегеніміз – күллі тіл атаулыдан ішкі құрылыс ерекшелігімен дараланатын, белгілі бір халықпен нақты кеңістікте тарихи бірге жасап, оның төл мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластырушы, сол халық адамдарына (жас, жыныс, сенім, кәсіп, әлеуметтік жағдай айырмасына қарамай) түгелдей және жан-жақты қызмет ететін ұлтшілік қатынас құралы» [3, 25-б.]. Әлеуметтік лингвистика маманы А. Абасилов «ана тілі» терминін: «АНА ТІЛІ (ағылш. Mother tongue) – 1. Баланың жас кезінде үлкендер сөйлеуіне еліктеу арқылы санасыз үйренген тіл. Бұл дағдыны пайдалану ересек адамда сақталуы да, сақталмауы да мүмкін (қара: Тіл онтогнезі, Тіл

филогензі). Ана тілі – Бірінші тіл, Екінші тіл, Шеше тілі, Басым тіл де болуы мүмкін. 2. Этноспен біте қайнасқан тіл, кез келген халықтың тілдік санасында маңызды орын алатын тіл, кез келген этникалық ұжымның даралануында «өзінікі» мен «өзгенікіні» ажырата алу түсінігімен байланысты тіл» деп тұжырымдаса, «бірінші тіл» терминіне: «*Бірінші тіл* ағыл. *first language* – 1. Қостілді адамның тілдерді дербес (онтогенетикалық) тұрғыдан меңгерген мерзімі бойынша бірінші тіл. 2. Функционалдық тұрғыдан бастапқы (артықшылық берілетін) *Үстем тіл*» [4, 69 б.] деп анықтайды. Ресейлік ғалымдардың пікірінше, (Д. С. Ушаков, В. И. Беликов және Л. П. Крысин, Д. Кристал), ана тілі — бұл адам ерте жастан бастап арнайы оқытусыз, тиісті тілдік ортада болатын тіл [5],[6]. Арнайы оқыту кезінде немесе үлкен жастағы тілдік ортада үйренетін тіл екінші тіл деп аталады [7]. Бұл тұжырымдарана тілі мен бірінші тіл ұғымдарының арасына теңдік белгісін қоюға болмайтынын көрсетеді.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің методологиялық негізі тілді оқытудың әлемдік тәжірибеде қолданылатын озық әдістеріне сүйене отырып, отандық және шетелдік ғалымдардың оқыту әдістемесі мен әлеуметтік лингвистикаға, сондай-ақ «шет тілі», «ана тілі», «екінші тіл», ұғымдарына байланысты түрлі көзқарастарды саралау әдісін қолдана отырып, қазақ тілін оқытуда отандық ғалымдар профессорлар Ф. Оразбаеваның тілді қатысымдық әдіс бойынша оқытудағы қатысымдық-танымдық бағдарлы оқыту технологиясы, Ә. Жүнісбектің «Қазақ тілін грамматикасыз оқыту» әдісімен мақала авторы Т. Ермекованың өзгетілді аудиторияда қазақ тілін оқытудағы «ең оңай III жақ» әдістерін негізге алдық.

Тілді ана тілі ретінде үйрету мен шет тілі ретінде үйретудің ерекшеліктерін тұспалды тұғырнамасын ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен табуға болады. Ғалым «Тіл жұмсар» еңбегінде былай дейді: «Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өте үлкен машина секілді құрал, – дей келіп, ол құралды жұмсаушының екіге бөліп көрсетеді: біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы» [8, Б. 335–336].

Ғалымдардың айтуынша, адамзат баласы екі тілді қатар бірдей меңгеруі мүмкіндігіне ие екен. Ғалым А. Абасилов осыған мән бере отырып, бірінші, екінші тіл ұғымдарына төмендегідей сипаттама береді: «...Солардың ішіндегі уақыт жағынан алғаш меңгергені – бірінші тіл болса, кей жағдайда бұл ана

тілімен сәйкес келеді, ал кейінірек немесе қатар меңгерген тілі – екінші тіл болады. Яғни «бірінші тіл», ең алдымен, қостілді адамның уақыт жағынан бірінші меңгерген тілі, функциясы басым тіл. Ал екінші тілге келер болсақ, «ЕКІНШІ ТІЛ (ағыл. second language, орыс. Второй язык) 1. Адамдардың жас кезінде меңгеру тәртібі бойынша екінші үйренген тілі. Е.т. – бұл бірінші тілден кейін меңгерілген тіл. Осыған қарағанда Е.т. ана тілімен сәйкес келуі де, келмеуі де мүмкін. 3. Оқу орнында үйрену тәртібі бойынша Е.т. – бұл екінші шет тілі, білім арудың мақсатты тілі» [4, 50 б.]. Бұл берілген анықтамалардың барлығын салыстыра отырып, бірінші тіл мен екінші тілдің, біріншіден, билингвизммен тығыз байланысты ұғымдар екенін, екіншіден, басты көрсеткіштері – меңгеру мерзімі және функциясы екенін байқаймыз.

Қоғамда билингвизм болған жағдайда ғана, екінші тіл ұғымы функционалдық сипатқа ие бола алады. Ал билингвизм болмаса, сәйкесінше ана тілінен кейін / мемлекеттік тілден кейін меңгерілген, үйретілген тілдердің барлығы – шет тілі деген статусқа ие болады [9, 223–224 б.]. Шет тілі ұғымына анықтама берген түрік ғалымы О. Башқан шет тілін бала ана тілін толық сөйлей алғаннан кейін ғана үйренетінін, шетел тілі ана тілімен қатар меңгерілетін процеске қатыспайтындығын сөз етеді [10, 194 б.]. Мәдениетаралық коммуникация терминдерінің сөздігінде «Мектепте меңгерілген және шектеулі қызметте, негізінен, ұлтаралық қарым-қатынаста қолданылатын тіл» – деп анықтама береді [11, 484 б.]. Ал «Әдістемелік терминдер мен ұғымдардың жаңа терминдер сөздігінде»: «1. Басқа елдің тілі. 2. Мазмұны ақпаратты қабылдау және беру құралдарын шетел тілін оқыту болып табылатын оқу пәні. Шет тілі курсының ана тілі курсынан айырмашылығы оқытудың жетекші мақсаты – коммуникативті мақсат, яғни практикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Оқушы шетел тілінде ойын жеткізудің жаңа тәсілдерін меңгеруге келіп тіреледі. Игеру процесі шетел тілінде нақты оқу мақсаттарымен, оқу мазмұнымен, оқыту әдістерімен анықталады. Шетел тілінде оқытудың негізгі мақсаты – практикалық. Ол белгілі бір тақырып және қатаң таңдалған лексика мен грамматика шеңберінде қарым-қатынастың әртүрлі салаларында сөйлеу дағдыларын қалыптастырудан тұрады» деп шет тілі ұғымына анықтама беріледі [12]. Жоғарыда көрсетілген анықтамалардан «шетел тілі», «екінші тіл» ұғымдарының арасында айырмашылықтар болғанымен, олардың басты белгісі индивидтің басты коммуникация құралы боп саналатын тілге оппозиция құра алуында. Сол себептен екінші тілді тіл иесінің ана тілімен байланыста қарау маңызды ма, жоқ па? Бұл мәселелер – тіл үйретушілер үшін қашан да өзекті сұрақтардың бірі.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстанда мемлекеттік тілді оқытуға байланысты осы кезге дейін жарық көрген, жасалған қыруар ізденістердің нәтижесін қоғам неге көре алмай отыр? Мектепте он бір жыл бойы «Қазақ тілі» пәнін оқып, оны университетте қайталай оқыса да, түлектеріміздің барлығы бірдей мемлекеттік тілде еркін коммуникацияға неге түсе алмайды? т.т. сұрақ көп. Әлемдік тәжірибеге сүйенер болсақ, кез келген тілді үйренуде өзінің нәтижесін бере алатын ең оңтайлы әдістің бірі – қатысымдық (коммуникативтік) әдіс. Бұл әдіске қатысты қазақ зерттеушілерінің тұшымды еңбектер баршылық. Тіл үйретудегі қатысымдық әдістің теориялық тұжырымын негіздеген профессор Ф. Оразбаева бұл әдіске мынадай анықтама береді: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі» [13,78 б.].

Біздің ойымызша, үйренушілердің коммуникативтік қажеттілігі дегеніміз – тілді үйрену барысында қоғам сұранысына сай олардың алдына қоятын практикалық міндеттері мен мақсаттары, яғни тілді үйрену барысында байқалатын коммуникация кезіндегі зәрулік. Демек, тіл үйренушінің коммуникативтік қажеттілігі – бұл олардың тілді шынайы қолдануда білім, білік, дағдыны қалыптастыру барысындағы белсенділіктерінің ішкі қозғаушы күші. Үйренушінің коммуникативтік қажеттілігіне сай таңдалынып алынған оқу материалдары міндетті түрде олардың оқуға деген ынтасын қозғап, қызығушылығын туғызуы керек, мұның өзі оқу барысында кездесетін қиындықтарға төзе білуге дайын болуына көмектеседі. Бұл тілді үйрену үдерісінде маңызды жетістікке жетуге көмегін тигізеді. Сондықтан тіл үйрену мәселесі, алдымен лексикалық қордың болуын қажет етеді [14].

Дәстүрлі әдістемеде тілді оқытуды төл дыбыстардың ерекшеліктерін үйретуден бастайды. Сосын деңгейлік грамматика лексикалық тақырыптар аясында беріледі. Ендігі сұрақ: «тілді грамматикасыз үйретуге бола ма?» Бұл мәселеде ғалымдардың пікірі сан алуан. Егер тілі шықпаған баланың тілдік санасы жаңа парак секілді деп қарасақ, ол тілді грамматикасыз-ақ үйренеді. Бұған қарағанда тілді грамматикасыз үйрену мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз, бірақ тілдік санасы қалыптасқан, өзінің ана тілінің модельдері тілдік санасында тұрақталған тіл үйренушілер үшін мұндай тұжырым жасау қиын.

Тілді үйрену процесі табиғи ортада да, арнайы мақсат қою арқылы да жүзеге асады. Алғашқысы күнделікті коммуникацияда жиі еститіндіктен, әрі тіл тұтынушымен еркін коммуникацияға түсу мүмкіндігі жоғары

болғандықтан, тиісінше тіл үйренушінің санасында орнығу, сіңу мүмкіндігі де жоғары. Ал табиғи орта жоқ жерде тілді үйрену оңай емес. Мұндайда тіл үйренушінің мүддесі мен ынта-жігерін, жалпы қызығушылығын ояту маңызды. Сондықтан да тіл үйретуде тілге толық ену (метод погружения), жасанды табиғи орта тудыру, қызығушылыққа орай оқыту (обучение на интересе) т.т. әдістерді ұсынуда. Бұл әдістер арқылы тіл үйренуде, негізінен, жекеленген лексикалық бірліктерді автоматтандыру (автоматты түрде жаттап алу), өз тіліндегі ұқсас сөздермен ассоциялау т.т. әдістер өз нәтижесін беруде. Ал грамматиканы қалай үйренеміз? Бұл мәселеде қалыптасқан барлық тілге ортақ әмбебап тұрақты әдіс жоқ. Тілдік санасы қалыптасып қойған тіл үйренуші үйренетін тілдің грамматикасын меңгеруде қиындықтарға ұшырайды. Сондықтан грамматиканы үйренуде бірінші кезекте психологиялық кедергіні жеңуге мән берілуі тиіс. Мысалы, қазақ тілінің грамматикасын үйретуді фонетика, оның ішінде осы тілге тән ерекше дыбыстары, бұл дыбыстардың айтылым ерекшеліктері жайында сөз қозғау қаншалықты нәтижелі? Бұл тіл үйренушінің психологиялық кедергісін жоя ала ма? Бірақ бұл қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарын оқытудан бас тарту қажет деген сөз емес.

Тілдік коммуникацияны жүзеге асырудағы басты бірлік – сөйлемнің орталығы – субъект-предикаттық қатынас. Қай тілде де субъектінің сөйлемдегі басты көрсеткіші – атау септігі. Ал предикаттың басты көрсеткіші – жіктік жалғаулары. Қазақ тілінің грамматикалық құрылымының тіл үйренуші тұрғысынан қарағанда ең оңтайлы тұсы – III жақ. Неге III жақ? Өйткені тіліміздің басты ерекшелігінің бірі – қосымшалар сингармонизм заңдылығы бойынша сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай түрленіп жалғануында. Бірінші және екінші жақта сингармонизм бойынша жіктік жалғаулары түрленіп жалғанса, III жақта оның арнайы формасы жоқ. Сондай-ақ түркі тілдерінің үндіеуропа тілдерінен басты ерекшеліктерінің бірі – род категориясы жоқ. Міне, осы тұсты оңтайлы пайдалана отырып, бірінші күннен бастап бірден сөйлеп үйрену үшін «ең оңай 3-жақ» идеясын ұсынамыз.

Сондықтан алғашқы сабақтан бастап үшінші жақта сөйлем құрау жеңіл болатынын төмендегі кестеге назар аудару арқылы көз жеткіземіз:

Орысша	қазақша
Он образованный Она образованная	Ол білімді
Марат – учитель Томирис – учительница	Марат / Томирис – мұғалім
Он – студент Она – студентка	Ол - студент

Мұндай сөйлемдерді қолдану үшін сөздік қана қажет.

Ал предикаттық сын есімді сөйлемдерге зат есімді тіркестірсек, бұл зат есім сөйлемнің предикатына айналып, ал сын есім зат есімнің атрибутына айналады. Жай сөйлемнің іргесі кеңігендіктен, жайылма сөйлемге трансформацияланады. Бірақ тіл үйренуші үшін жай, жайылма сөйлемнің аттарын жаттау маңызды емес, бұл жерде маңыздысы – қарапайым үлгіден сөйлемнің күрделірек формасын қолдана білуінде.

Ол жақсы — Ол жақсы бала / ұл / қыз. Он (Она) хороший / -ая — Он (Она) хороший / -ая ребенок / мальчик / девочка.

Мұндай (субъектілік) жіктеу есімдігімен үшінші жақта жіктік жалғауының нөлдік тұлғасында (өзгеріссіз) келіп, предикаттық қатынасқа түсетін етістіктер – қалып етістіктері мен модаль сөздер: *тұр - стоит, отыр - сидит, жүр - ходит, жатыр - лежит, бар - есть, жоқ - нет, қажет / керек т.б.*

Мұндай сөздер дара қалпында осы шақта жұмсала алады.

Ол / Олар тұр (бар, жоқ, қажет). (Он / Она стоит / Они стоят (есть, нет, нужно).

Ол / Олар отыр. (Он / Она / сидит / Они сидят (есть, нет, нужно).

Ол / Олар жүр. (Он / Она ходит / Они ходят (есть, нет, нужно).

Ол / Олар жатыр. (Он / Она лежит / Они лежат (есть, нет, нужно).

Кітап / дәптер керек (бар, жоқ) (Нужна (есть, нет) книга (и) /), тетрадь(и)

Қажет, керек сөздері – өзара синонимдес және олар қимыл есімі (тұйық етістік) формасындағы (-у) сөздермен еркін тіркесу қабілетіне ие. Оқу / көру, бару / айту + қажет / керек.

Сонымен, атау тұлғадағы жіктеу есімдіктері мен зат есімдер арқылы үшінші жақта тұрып, сөз тұлғасын өзгертпей субъект-предикаттық қатынасты құрайтын, еш қиындықсыз сөйлесімге түсуге мүмкіндік беретін төрт модель бар:

Ол (немесе атау тұлғадағы есімдер) + предикаттық зат есім Ол / Дархан / Айнұр – мұғалім.
Ол (немесе атау тұлғадағы есімдер) + предикаттық сын есім Ол / Дархан / Айнұр + білімді / ақылды / алғыр.
Ол (немесе атау тұлғадағы есімдер) + предикаттық қалып етістіктері Ол / Дархан / Айнұр + отыр / тұр / жатыр / жүр.
Ол (немесе атау тұлғадағы есімдер) + предикаттық модаль сөздер (қажет, керек, бар, жоқ) Ол / Дархан / Айнұр + қажет / керек / бар / жоқ.

Осы негізде өзгермейтін III жақты игеріп болған соң, III жақтың өзгертін формаларына, тәуелдеу есімдіктері мен объектілік есімдіктер

мен қосымша, шақ түрлері т.т. сияқты коммуникацияда белсенді қызмет атқаратын формаларға біртіндеп ауысуға болады.

Осылайша, тіл үйретуді лексикалық бірліктерді, грамматикалық анықтамаларды жаттатудан емес, басты тілдік модельдерді меңгеруден бастаған жөн.

Ғалымдар дайын модельдерді жаттату арқылы да тілдік коммуникацияға түсуге болатынын айтқанымен, ол тіл үйренушіде жүйелі, іргелі ойлау процесінен өтіп, құрылым ретінде қалыптасқан ақпарат, білім қоры негізінде қалыптаспайтынын көрсетеді: «Қысқа уақытқа жадыда сақталған дайын, ойсыз қолданылатын формалар ретінде қолданысқа түседі. Білім алушыда тілдік білім қалыптасуы үшін оның таным белсенділігі арттырып, дайын ақпаратты қабылдаушы ғана емес, ойланушы, сараптаушы тұлғаға айналдыру керек» [15]. Бұл не деген сөз? Айталық, тіл үйренуші белгілі бір сөйлеу моделін үйренді. Ендігі кезекте еркін коммуникацияға түсу үшін лексикалық бірліктер сұрыпталуы керек. Яғни тіл үйренуші үшін семантикалық сөздік қажет.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР БҒМ БҒСБК 2021–2023 ж. Мемлекеттік грантымен қаржыландырылған АР09259496 «Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгерту» жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Тілді екінші немесе шет тілі ретінде оқытуда әлемдік тәжірибеде көптеген әдістер қолданылады. Тілді оқытудың дәстүрлі, классикалық әдісін қазіргі ұрпақ толық қабылдай бермейді. Қазіргі замандағы тіл үйренуші тіл үйретушіден жаңа әдіс-тәсіл күтеді. Тіпті тіл үйрену процесі өмірдің өзі секілді: тез, жылдам, оңтайлы, жеңіл болу мен прагматиканы талап етеді. Сондықтан да жоғарыдағы жобаны ұсыну барысында қазақ тілін ұлттық бренд негізінде дәстүрлі тәсілдерден гөрі елтанымдық, мәдениеттанымдық материалдармен сабақтастыра оқытуда тілге толық ену, жасанды табиғи орта тудыру, қызығушылыққа орай оқыту т.т. әдістермен бірге грамматикалық материалдарды игертуде де қазақ тілінің өзіне тән ерекшелігін ескере оқыту жөн деп санаймыз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Idoya, P.** Literature in language learning in the UK context: from current A-levels to university. Literature in language learning: new approaches. Ana Bela Almeida, Ulrike Bavendiek, and Rosalba Biasini (Ed.) [Text] / [Electronic resource].- <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED608127.pdf>

2 **Ryskulbek, D.** Functional and parametric mapping of the semantics of phraseological units in intercultural space (Cartographie fonctionnelle et

parametrique de la sémantique des unites phraseologiques au sein de l'espace interculturel) [Text] // Xlinguae. – 2021. № 4. – 155–170 б.

3 **Хасанұлы, Б.** Ана тілі – ата мұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны) [Текст] – Алматы : «Жазушы», –1992. – 272 б.

4 **Абасилов, А.** Әлеуметтік лингвистика сөздігі [Текст] - Қызылорда, 2008. –145 б.

5 **Беликов, В. И., Крысин, Л. П.** Социоллингвистика [Текст] – Москва : Издательский центр РГГУ, –2002. – 230 б.

6 Толковый словарь русского языка (Под ред. Д.Н. Ушакова) [Текст] – Москва : Гос. ин-т «Сов. энцикл.», 1935-1940. – 560 с.

7 **Crystal, D.** The Cambridge Encyclopedia of Language / Second edition [Text] – Cambridge : Cambridge University Press. 1997. – 372 б.

8 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы [Текст] – Алматы : «Ана тілі», – 1992. – 444 б.

9 **Özcan, B.** Yabancı Dil Öğretim İlkeler ve Çözümler, Multilingual Yabancı Dil yayınları [Text] – İstanbul, – 2006. – 245 p.

10 **Ермекова, Т. Н., Мырзабай, А. У.** «Екінші тіл» терминіне берілген социоллингвистикалық анықтамалардың салыстырмалы сипаты [Текст] // VII Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Sempozyumu. – Niğde, – 2020. – 223–232 б.

11 **Жукова, И. Н., Лебедько, М. Г., Прошина, З. Г., Юзефович, Н. Г.** Словарь терминов межкультурной коммуникации [Текст] – М. : Наука, – 2013. – 632 с.

12 **Азимов, Э. Г., Щукин, А. Н.** Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам) / Москва : Издательство ИКАР, – 2009. – 448 с.

13 **Оразбаева, Ф.** Тілдік қатынас : теориясы мен әдістемесі [Текст] – Алматы, – 2000. – 256 б.

14 **Ермекова, Т.** Коммуникативтік қажеттілік – тіл үйренудің басты факторы [Электронды ресурс]. // [URL:http://groupglobal.org/kk/publication/15969-kommunikativtik-kazhettilik-til-uyrenudin-basty-factory](http://groupglobal.org/kk/publication/15969-kommunikativtik-kazhettilik-til-uyrenudin-basty-factory)

15 Қазақ тілін оқытудың когнитивті бағыты [Электронды ресурс] // <https://tilalemi.kz/article/30>

References

1 **Idoya, P.** Literature in language learning in the UK context: from current A-levels to university. Literature in language learning: new approaches. Ana Bela Almeida, Ulrike Bavendiek, and Rosalba Biasini (Ed.) [Text]. / [Electronic resource].- <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED608127.pdf>

2 **Ryskulbek, D.** Functional and parametric mapping of the semantics of phraseological units in intercultural space (Cartographie fonctionnelle et parametrique de la semantique des unites phraseologiques au sein de l'espace interculturel) [Text]. // *Xlinguae*. – 2021. № 4. – pp. 155–170

3 **Hasanuly, B.** Ana tili – ata mura (Qazakq tilinin zher zhuzi tilderi zhuyesindegi alatyn orny) [Native language is the heritage of ancestors (The role of the Kazakh language in the system of world languages)] [Text]. / -Almaty : «Zhazushy», –1992. – 272 p.

4 **Abasilov, A.** Aleumettik lingvistika sozdıǵı [Dictionary of sociolinguistics] [Text]. – Qyzylorda, – 2008. – 145 p.

5 **Belikov, V. İ., Krysin, L. P.** Sociolingvistika [Sociolinguistics] [Text]. – Moscow : İzdatelski sentr RGGU, – 2002. – 230 p.

6 *Tolkovyi slovar ruskogo yazyka* [Explanatory dictionary of the Russian language] / Pod red. D. N. Ushakova [Text]. – Moscow : Gos. in-t Sov. encycl.1935-1940. – 560 p.

7 **Crystal, D.** The Cambridge Encyclopedia of Language / Second edition [Text]. –Cambridge : Cambridge University Press. –1997. – 372 p.

8 **Baitursynov, A.** Tıl tagylymy [Language tradition] [Text]. –Almaty, «Ana tılı», – 1992. – 444 p.

9 **Özcan, B.** Yabancı Dil Öğretim İlkeler ve Çözümler, Multilingual Yabancı Dil yayınları [Principles and solutions for teaching foreign languages. Multilingual publications in foreign languages] [Text]. – İstanbul, – 2006. – 245 p.

10 Ermekova, T. N., Myrzabai, A. U. «Ekinshi tıl» terminine berilgen sociolingvistikalıyq anyqtamalardyn salıstırmaly sipaty [Comparative characteristics of sociolinguistic definitions of the term «second language»] [Text]. // VII Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Sempozyumu. – Niğde, –2020 223–232 p.

11 **Zhukova, İ. N., Lebedko, M. G., Proshina, Z. G., Yuzefovich, N. G.** Slovar terminov mezhkulturnoi komunikacii [Glossary of terms of intercultural communication] / pod red. M. G. Lebedko i Z. G. Proshina [Text] – Moscow : Nauka, – 2013. – 632 p.

12 **Azimov, E. G., Şhukin, A. N.** Novyi slovar metodicheskikh terminov i ponjatiı (teoria i praktika obuchenia yazykam). [A new dictionary of methodological terms and concepts (theory and practice of teaching languages)] [Text]. – Moscow : İzdatelstvo İKAR, – 2009. – 448 p.

13 **Orazbaeva, F.** Tıldık qatynas: teoriasy men adıstemesı. [Linguistic Communication: Theory and Methods] [Text] – Almaty, – 2000. – 256 p.

14 **Ermekova, T.** Komunikativtik qazhettılık – tıl uirenudın bastı faktory. [The communicative need is a key factor in language learning] / [Electronic

resource]. – <http://group-global.org/kk/publication/15969-kommunikativtik-kazhettilik-til-uyrenudin-basty-factory>.

15 Qazaq tilin oqytudyn kognitivti bagyty [Cognitive direction in teaching the Kazakh language] [Electronic resource] – <http://tilalemi.kz/article/30>.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

*Т. Н. Ермакова¹, Д. Ж. Рысқұлбек², Б. Молдағали³

^{1,2}Қазақский национальный женский педагогический университет, Республика Казахстан, г. Алматы;

³Қазақский национальный педагогический университет имени Абая Республика Казахстан, г. Алматы

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ КАК ВТОРОМУ ИЛИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Необходимость развития и свободного использования казахского языка, государственного языка Республики Казахстан, утверждена законодательно. В государственной программе по осуществлению языковой политики в Республике Казахстан на 2020–2025 годы конкретно обозначены улучшение качества методик обучения и овладения казахским языком, расширение функций казахского языка и повышение культуры его использования. Это - требование времени, и тема нашей статьи также перекликается с методикой обучения казахскому языку как второму или иностранному. В статье рассматривается важность использования эффективных технологий для достижения коммуникативной компетенции, обоснованных с теоретической точки зрения и апробированных в практике. Многие методы и приемы обучения языку, которые использовались до сегодняшнего дня, не могут удовлетворить главные условия обучения. Интерес к изучению казахского языка как второго и стремление к овладению им в современном обществе породили потребность формирования научно-методической основы обучения языку. В связи с этим в статье рассматриваются различные практические работы для развития языковых навыков и методика их проведения при обучении государственному - казахскому языку представителей других национальностей. Поэтому в статье анализируются различия между понятиями родной язык, второй язык, иностранный язык и

предлагаются наиболее эффективные методы и практики в обучении казахскому языку.

Ключевые слова: коммуникативный метод, изучающий язык, второй язык, технология, грамматика.

*T. N. Yermekova¹, D. Zh. Ryskulbek², B. Moldagali³

^{1,2}Kazakh National Women's Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty

³Abai Kazakh National Pedagogical University
Republic of Kazakhstan, Almaty

Material received on 12.12.22.

EFFECTIVE METHODS OF TEACHING KAZAKH AS A SECONDARY OR FOREIGN LANGUAGE

The need for the development and free use of the Kazakh language, the state language of the Republic of Kazakhstan, is approved by law. The state program for the implementation of the language policy in the Republic of Kazakhstan for 2020–2025 specifically outlines the improvement in the quality of teaching methods and mastery of the Kazakh language, the expansion of the functions of the Kazakh language and the improvement of the culture of its use. This is a requirement of the time, and the topic of our article also echoes the methodology of teaching Kazakh as a second or foreign language. The article considers the importance of using effective technologies to achieve communicative competence, justified from a theoretical point of view and tested by experience. Many of the methods and techniques of language teaching that have been used until today cannot satisfy the main conditions of teaching. Interest in learning the Kazakh language as a second language and the desire to master it in today's society have given rise to the need to form a scientific and methodological basis for teaching the language. In this regard, the article discusses various practical works for the development of language skills and the methodology for their implementation in teaching the state - Kazakh language to representatives of other nationalities. In this regard, Kazakh scientists have good research. Therefore, the article analyzes the differences between the concepts of native language, second language, foreign language and offers the most effective methods and research in teaching the Kazakh language.

Keywords: communicative method, language learner, second language, technology, grammar.

Теруге 12.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 20,66. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3999

Сдано в набор 12.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

4,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 20,66. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3999

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz